

**Шахтинск қалалық маслихатының 2015 жылғы 9 сәуірдегі XXXIII сессиясының № 1115/33 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы V шақырылған XLI сессиясының № 1225/41 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 қаңтарда № 3609 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 276/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 19.09.2023 № 276/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес қалалық маслихат **ШЕШТІ:**

1. Шахтинск қалалық маслихатының 2015 жылғы 9 сәуірдегі XXXIII сессиясының № 1115/33 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3182 тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырдағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 15 мамырдағы № 19 "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

Қағидалардың 10 тармағының 3) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"3) ең төмен күнкөріс деңгейінен 0,6 еселік мөлшерден аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы.";

келесі мазмұндағы 16-1 тармағымен толықтырылсын:

"16-1. Әлеуметтік контракт негізінде әлеуметтік көмек үшін келген кезде азаматпен әңгімелесу жүргізіледі.";

келесі мазмұндағы 25-1 тармағымен толықтырылсын:

"25-1. Әлеуметтік келісімшарт негізінде әлеуметтік көмек отбасының еңбекке қабілетті мүшелері (тұлғасы) жұмыспен қамту жәрдемінің шараларына қатысу шартында және отбасыны активтендіру әлеуметтік контракттың әрекет ету мерзіміне отбасы мүшелерінің (тұлғаның), еңбекке қабілеттілерін қоса әлеуметтік бейімдеу қажеттілігі жағдайында ұсынылады, және ай сайын төленеді немесе үш ай үшін біржола претендеттің өтініші бойынша.";

келесі мазмұндағы 25-2 тармағымен толықтырылсын:

"25-2. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 88 "Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты мен отбасыға көмектің жеке жоспары нысандарын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген нысандарға сәйкес жасалады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10474 тіркелді).";

келесі мазмұндағы 25-3 тармағымен толықтырылсын:

"25-3. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты тағы алты айға мерзімін ұзарту мүмкіндігімен алты айға жасалады, бірақ бір жылдан артық емес, отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделуін ұзарту қажеттілігі және (немесе) отбасының еңбекке қабілетті мүшелері кәсіби оқытуды және (немесе) жастар тәжірибесінен өтуді және (немесе) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтылуы аяқталмаған жағдайларында.";

келесі мазмұндағы 25-4 тармағымен толықтырылсын:

"25-4. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты екі данада жасалады, соның біреуі өтініш берушіге тіркеу журналына қол қойылғасын беріледі, екіншісі – отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасаған уәкілетті органда сақталады.";

30-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"30. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" және "Әлеуметтік көмек" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Маслихат хатшысы*

2015 жылғы 23 желтоқсан

*А. Степанович*

*Ә. Сатова*

